

## **Тақырыбы:**

**«Дамытушы ойын процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық өрісін дамыту»**

**Вариативтік компонент – 18 сағат**

**2024-2025 оқу жылы**

**Ересек «Ересек топ» тобы (4 жас балаларға арналған бағдарлама)**

## **Түсінік хат**

Кішкентай балаға, мектеп жасына дейінгі балаға логика не үшін қажет? Әрбір жас кезеңінде белгілі бір "қабат" құрылады, онда келесі кезеңге өту үшін маңызды психикалық функциялар қалыптасады. Осылайша, мектепке дейінгі кезеңде алынған негізгі құзыреттіліктер мектеп жасындағы қабілеттерді одан әрі дамытудың негізі болады. Бұл дағдылардың ішіндегі ең маңыздысы-логикалық ойлау қабілеті, "ойда әрекет ету" қабілеті. Ойлау әдістерін меңгермеген балаға оқу қиынырақ болады - тапсырмаларды шешу, жаттығуларды орындау көп уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді. Нәтижесінде баланың денсаулығы нашарлауы мүмкін, оқуға деген қызығушылық жоғалады.

Танымын дамыту үшін ересек мектеп жасына дейінгі балаға талдау, синтез, салыстыру, жіктеу, жалпылау, индуктивті және дедуктивті тұжырымдар құруды ұсыну қажет.

Бұл ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеуін, қиялын және ойлауын дамытуға ықпал етеді, жағымды эмоционалды атмосфераны қалыптастырады, балаларды оқуға, ойын жағдайын өзгертудегі белсенділікке шақырады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Дамытушы ойын процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық өрісін дамыту.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

Оқыту міндеттері:

- Айналадағы адамдармен ынтымақтастық қарым-қатынасты сақтауға үйрету;
- Аяқталмаған фигураны сюжеттік композицияның егжей-тегжейі ретінде қолдануға үйрету;
- Ақпаратты кодтау және декодтау, алгоритмнің математикалық ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру;

Дамыту міндеттері:

- Қиялдың, зейіннің, есте сақтаудың, мінез-құлықтың еріктілігін дамыту;
- Балалардағы кеңістіктік ойлауды, сенсомоторлық үйлестіруді жетілдіру;
- Шығармашылықтың негізі ретінде біріктіру қабілетін дамыту;
- Нұсқаулық бойынша жұмыс істеу қабілетін дамыту; нәтижені жоспарлау және қадағалау;

Тәрбиелік міндеттері:

- Жайлы эмоционалды микроклиматты қамтамасыз ету,

### **Бағдарламаның мазмұны:**

Бұл бағдарлама мектепалды даярлық класының балаларының бойында белсенділік, тапқырлық, ойлау қасиеттерін қалыптастырады.

Бағдарламаға қызықты тапсырмаларымен жұмыс дәптері және халық ауыз әдебиетінен санамақтар, өлеңдер, жаңылтпаш, сөз жұмбақтар енгізілген.

Бұл бағдарлама

- Баланың танымдық әрекеттерін қалыптастырады;
- Ой-қиялы дамып, ойлау қабілеттерін жетілдіреді;
- Үздіксіз дамуын, дүниетанымын кеңейтіп ойлау жүйесін дұрыс қалыптастырады;
- Тапсырмалардың көп деңгейлігі баланы жан-жақты тәрбиелейді
- Геометриялық пішіндерден құрастыру арқылы оқушылардың шығармашылық іскерліктерін дамыту

### **Күтілетін нәтиже:**

- Тапсырмалардың мазмұның түсініп, өздігінен дұрыс, шапшаң орындай білуі тиіс;
- Баланың қолының бұлшық еттері мен саусақтарын әлсіздігі дамиды;
- Сандарды баспа түрінде жаза білуі тиіс;

Халық ауыз әдебиеттерді пайдалана білуі тиіс.

# «Дамытушы ойын процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық өрісін дамыту»

## Ересек « Аяла» тобы

(4 жас балаларға арналған бағдарлама)

| Айы    | Тақырыбы:              | Мақсаты:                                                                                                                                                                                     | Шарттары:                                                                                                                                                    | саны |
|--------|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Қаңтар | «Түрлі-түсті жолақтар» | Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым - қатынастарын тәрбиелеу.                                                                   | Балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Жолақшаның ұзын, қысқа, орташа, жуан, жіңішкелігіне байланысты үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу. |      |
|        | «Көліктер»             | Балаларға көліктердің жерде жүретін, суда жүзетін, көлік түрлерін ажырату, Жүретін, жүзетін, ұшатын ұғымдарын қалыптастыру.                                                                  | Балаларға әр түрлі көліктердің бөліктерін беріп, құрастыру ұсынылады.Құрастырған көліктің жүретін, жүзетін, ұшатын түрлерін анықтау.                         |      |
|        | «Жыл мезгілдері»       | Жыл мезгілдері және айлардың кезеңдігі туралы балалардың түсініктерін бекіту; айларды жыл мезгілдеріне сай салыстыру біліктерін бекіту.                                                      | Бірнеше топтарға бөліп ойынды жарыс түрінде өткізуге болады. Әр жыл мезгілдің суреттерін ажыратып, құбылыстарын жапсырма арқылы орналастыру.                 |      |
|        | «Бір қазан сүт»        | Балаларға ертегі мазмұнын түсініп, қабылдауға үйрету. Өздерін ертегі желісі бойынша жұмыс жасауға баулу. Сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту.                                | Балалар ертегі желесі бойынша кейіпкерлерді қажетті орнына жапсырма арқылы орналастыру.                                                                      |      |
| Ақпан  | Қай ағаштың жапырағы?» | Балаларға күз мезгілі туралы түсінікті қалыптастыру, күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары неліктен сарғаятыны жайлы мағлұматты кеңейту. Балалардың ой-өрісін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Берілген ағаш түрлеріне жапырақтарын тауып орналастыру.                                                                                                      |      |
|        | Пазл ойыны: «Жемістер» | Балалардың жемістер жайлы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.                                                                                                      | Пазл бөлшектері арқылы жемістерді құрастыру.                                                                                                                 |      |

|        |                       |                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                   |  |
|--------|-----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|        |                       | Ойынға қызығушылықтарын арттыру.                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                   |  |
|        | Адасқан пішіндер»     | Қимыл-қозғалыс арқылы балалардың денсаулығына дене түзілісінің дұрыс жетілуіне назар аудару, қимыл-әрекет ойынға деген белсенділіктерін арттыру.                                                                  | Музыка әуенімен пішіннен жасалған жолдар арқылы жүріп, адасқан фигураны орналастыру.                                                                                              |  |
|        | «Алма» ертегісі       | Ертегі желісін түсініп, қимыл-қозғалыстарын салу. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту. Шығармашылық және эмоционалдық жағынан өзін-өзі көрсетуіне ықпал ету. | Балаларға ертегі желесі бойынша кейіпкерлерді жапсырма арқылы орналастыру. Жапсырып отырып кейіпкерлердің атын атау.                                                              |  |
| Наурыз | Көңіл-күйді анықтау". | Балаларға сөйлемді дұрыс құрастырып айтуға үйрету; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту;                                                                                                        | Балалар қораптың ішінен өздерінің көңіл күйлеріне байланысты суреттерді таңдап алып, көңіл күйін сипаттап береді.                                                                 |  |
|        | «Үйшік» ойыны.        | Ертегіні ойнай отыра эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын дамыту.                                                                                                                | Геометриялық пішіндерден балалар үйшік құрастыру.                                                                                                                                 |  |
|        | «Ою құрастыру»        | Балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.                                                                                                                                | Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастыру. |  |
|        | «Қарлығаш пен дәуіт». | Ертегіні ойнай отыра эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту.                                                                      | Балаларға ертегі желесі бойынша кейіпкерлерді орналастыру.                                                                                                                        |  |
| Сәуір  | Жасырынған сандар».   | Сандардың көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.                      | Балалар жасырынған сандарды ретімен тізбектеп қойып, көршілерін атайды.                                                                                                           |  |

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|        |                                |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
|--------|--------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|        |                                |                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
|        | «Көлеңкесін тап».              | Балаларды әр жануардың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Жануардың атауын атап, сипаттауға үйрету. Шығармашылық және эмоционалдық жағынан өзін-өзі көрсетуіне ықпал ету.          | Балалар әр түрлі жануарлардың көлеңкесін табуып, жануардың атын атау.                                                                                                                                                                                                  |  |
|        | «Достар іздеген бота»          | Ертегілер арқылы тіл байлығын молайту, балалардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын ертегілер арқылы арттыру, танымдық аясын кеңейту. Өздері мен басқаларға ортақ қасиеттерді көруге үйрету. | Ертегіні тыңдай отыра соны, триз арқылы айтып беру.                                                                                                                                                                                                                    |  |
| Қаңтар | «Қуыршақ » ойыны.              | Балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын, түстерді, формаларды қабылдауды, жалпы белгілері бойынша жіктеуге дағдыландыру.                                                 | Пішіндер арқылы ойнай отырып, қуыршақ бейнесін құрастыру.                                                                                                                                                                                                              |  |
|        | «Бауды байлау»                 | Балаларға бауларын дұрыс байлауды үйретуді жалғастыру. Балалардың қол моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. Шапшандыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.                                                          | Ою –өрнекке өткізілген бауларды байлау.                                                                                                                                                                                                                                |  |
|        | Кімде, қанша аяқ бар?»         | Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.                                                                        | Балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі заттар суреттеледі. Балалардың міндеті осы суреттегі заттардың қанша аяғы бар екенін анықтау. Ол үшін суреттердегі заттардың аяқтарын санап сол суреттің астына кеспе цифрлар арқылы белгілеп отыру. |  |
|        | «Жеті лақ» ертегісі            | Ертегіні сахналауға үйретуді жалғастыру; дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту; балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу.                                                                   | Әрбір кейіпкердің рөлін ойнай отырып, қимыл арқылы көрсету.                                                                                                                                                                                                            |  |
| Ақпан  | «Талда қандай сан көрсетілген» | Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау және көру қабілетін дамыту, сандарды тез есте сақтау қабілеттерін арттыру.                                                                      | Әр балаға талдар таратып беріледі, талдың бір бетінде сандар жапсырылған, екінші бетінде тесіктер бар. Сол тесіктерге қандай сан көрсетілген, сонша таяқшаны орналастырады                                                                                             |  |

|  |                   |                                                                                 |                                                                      |  |
|--|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--|
|  | Жабайы жануарлар» | Балалардың көркем дербес мозайка ойынға деген қызығушылықтарын, коммуникативтік | Балалар майда пішіндер мозайкадан өздеріне ұнаған мозайкадан ұнайтын |  |
|--|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--|

|        |                                            |                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                     |  |
|--------|--------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|        |                                            | дағдыларын арттыру. Есте сақтау қабілеттерін, тіл байлықтарын, зейінін дамыту.                                                                                                       | жануарларын құрастыру.                                                                                                                                                              |  |
|        | «Түтікшемен ойын»                          | Түтікшемен тәжірибе арқылы ауаның барлық жерде бар екенін түсіндіру. Тіршілік үшін ауаның маңызы зор екендігін ұғындыруды жалғастыру, табиғатты сүюге баулу, оны қорғауға тәрбиелеу. | Түтікше арқылы демімізді ішімізге тартып ыдысқа геометриялық пішіндерді жинаймыз. Кім жылдам және көп пішін жинайтынын көреміз.                                                     |  |
|        | Түлкі мен тырна» ертегісі                  | Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу.                                                      | Бала бойына достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар үйрету арқылы, кейіпкерлерді достыққа шақыру.                                     |  |
| Наурыз | «Сандарды көрсетілген түспен сәйкестендір» | Балалардың туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.                               | Сандар белгілі бір түспен беріледі, балалардың алдына сандар береміз және фетрден қиылған әр түрлі түсті домалақтар, балалар мұқият сандардың үсіне түстерді шатаспай қойып шығады. |  |
|        | «Аспаптар»                                 | Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыруды жалғастыру. Ұлттық аспаптарды бір-бірінен ажырата білуге үйрете отырып аспап дыбыстарын есте сақтау.                                        | Балаларға аспаптың үнін тыңдату, қай аспап екендігін анықтап, аспаптардың тұсына қыстырғышты орналастыру.                                                                           |  |
|        | «Паравоздың вагондарын орналастыр» ойыны   | Балалардың алдынша бірнеше түстермен пішіндер жатады, палалар пішіндерден келістіріп паравоздың суретін құрайды.                                                                     | Көрсетілген реттік сандар бойынша вагондарды әр түрлі пішіндерден құрастырады.                                                                                                      |  |
|        | «Үш аю» ертегісі                           | Балаларға ертегіні түсіндіре отырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту.                                                              | Балаларды өздеріне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнатуға тәрбиелеу.                                                                                                         |  |
| Сәуір  | «Бағдаршам».                               | Балаларды жол ережесімен таныстыруды жалғастыру, бағдаршам түстері бойынша жол ережесін естеріне салу, ойлауын, есте сақтауын дамыту.                                                | Балалар шеңбер болып жүріп, бағдаршамның қай түсін айтқанда, сол түске тұра қалу.                                                                                                   |  |
|        | "Саяхат жасау" ойыны.                      | Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Есте сақтау және көру қабілетін дамыту, сандарды тез есте сақтау қабілеттерін арттыру.                                                   | 1ден –5 ке ға дейін сандарға байланысты көрсетілген суреттер бойынша орналастыру.                                                                                                   |  |

|  |                               |                                                                                              |                                                                                                                                                    |  |
|--|-------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» | Балаларға ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. | Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. |  |
|--|-------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                 |                           |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                              |  |
|-----------------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                 |                           |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                              |  |
|                 |                           |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                              |  |
| Мамыр           | «Суретті құрастыр»        | Баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту. | Баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыру. Құрастырған суретті әңгімелеу.                                                 |  |
|                 | «Жұмсақ, қатты» ойыны     | Есте сақтау және көру қабілетін дамыту. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.                                                                                                      | Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтау. Оның жұмсақ немесе қатты зат екенін ажырату, атын атап, түсін айту. |  |
|                 | «Гүлге көбелекті қондыру» | Түстерді айыра білуге үйрету, заттарды бір – бірімен салыстырып, заттардың қасиеттерін анықтау. Шығармашылық және эмоционалдық жағынан өзін-өзі көрсетуіне ықпал ету.                            | Бірінші болып көбелекті қондырған бала жеңімпаз болады. Балалар көп гүлдердің ішінен көбелектің түсіне сай гүлді тауып, көбелекті қондыру.   |  |
|                 | «Түлкі мен тырна»         | Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойында достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу. | Ертегі желісі бойынша тапсырмалар орындату арқылы, кейіпкерлерді достыққа баулу. Ертегіні сомдату.                                           |  |
| <b>18 сағат</b> |                           |                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                              |  |